

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 қаңтардағы Конституциялық заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" 1996 жылғы 24 қаңтардағы N 2797 конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 178-құжат; 1997 ж., N 12, 193-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін :

- 1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
"Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы";
- 2) кіріспе алып тасталсын;
- 3) 11-баптың бірінші бөлігіндегі "Гимнді тұрып тыңдайды." деген сөздер "Гимнді орнынан тұрып, оң қолының алақанын омырауының сол жағына қойып тыңдайды." деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4) 12, 14 және 16-баптарда "Жарлықпен", "Жарлыққа", "Жарлықтан", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Конституциялық заңмен", "Конституциялық заңға", "Конституциялық заңнан", "Конституциялық заң" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 5) 2-баптың 3) тармақшасымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің музыкалық редакциясы мен мәтіні осы Конституциялық заңға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**2-бап.** Осы Конституциялық заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қазақстан Республикасының*

Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Қазақстан Республикасының  
мемлекеттік нышандары туралы"  
конституциялық заң күші бар Жарлығына  
өзгерістер мен толықтыру енгізу  
туралы" 2006 жылғы 7 қаңтардағы  
N 112-III ҚРЗ Қазақстан  
Республикасының Конституциялық заңына

**ҚОСЫМША**

**Қазақстан Республикасы**

**Мемлекеттік гимнінің музыкалық редакциясы**

Музыкасын жазған **Шәмші Қалдаяқов**

*Maestoso*



Ал - тын күн ас - па - ны, Ал - тын дөв да - ла -  
Ұр - пақ - қа жол аш - қан, Кен - бай - тек же - рім



сы, Ер - лк - гің рас - та - ны Е - лі - ме ка - ра -  
бер. Бір - лі - ті жа - рас - қан, Төу - ел - сіз е - лім




шы! Е - жел - ден ер - де - ген, Дан - қы - мыз шық - ты  
бер. Қарсы) ал - ған уа - қыт - ты, Мәң - гі - лік до - сын -



ғой. На - мы - сын бер - ме - ген, Қа - за - ғым мық - ты ғой!  
дай. Біз - дің ел ба - қыт - ты, Біз - дің ел о - сын - дей!

*Кайырмасы:*



Ме - нің е - лім, к - нң е - лім, Тү - лің бо - лып



е - гі - ле - мін, Жы - рың бо - лып та - гі - ле - мін, е - лім!



**Қазақстан Республикасы**

**Мемлекеттік гимнінің мәтіні**

Сөзін жазғандар: **Жүмекен Нәжімеденов,**  
**Нұрсұлтан Назарбаев**

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,

Қазағым мықты ғой!

**Қ а й ы р м а с ы :**

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,

Біздің ел осындай!

**Қ а й ы р м а с ы :**

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің - Қазақстаным!